



Берік УӘЛИ,
*Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі –
Баспасөз хатшысы:*

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛ БОЛМАЙДЫ

– Берік Уәлиұлы, жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Мемлекет басшысы аталған жиында еліміздің даму мақсаттарына сай келетін көптеген міндетті белгіледі. Оның ішінде қандай маңызды бастамаларды атап айтар едіңіз?

– Бұл – жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін өте кең форматтағы басқосу. Жиында Үкімет мүшелерінің алдағы жылы атқаратын қызметінің негізгі бағыт-бағдарына басымдық беріледі. Сондықтан кеңейтілген отырыстағы Президенттің кез келген тапсырмасы мен бастамасы еліміздің дамуы үшін аса маңызды. Қасым-Жомарт Кемелұлы саясаттағы ұтқырлықты әлеуметтік-экономикалық дамуға нақты қадамдармен үйлестіруді жөн санайды. Яғни, түбегейлі өзгерістерге жол ашқан реформалардың орындалуы еліміздің әл-ауқатынан да көрініс табуға тиіс. Осы ретте бір жыл бұрын жаңадан жасакталған Үкіметке өте үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Өйткені Президентіміз айтқандай, қазіргі кезең жаһан жұртшылығына жеңіл тиіп отырған жоқ. Ірі державалар арасындағы әртүрлі текетірес, соның ішінде экономикалық санкциялар саясатын күшейту, әр жерде маздаған кикілжіңдер мен бейбіт тұрғындардың мазасын қашырған қарулы қақтығыстар бүгінде әлем елдерін қатты алаңдатады. Сондай-ақ соңғы жылдары климаттық өзгерістер де анық байқала бастады. Технологиялық жарыс нәтижелері бұрын-соңды болмаған бәсекелестік туырды. Міне, осы іспетті сын-қатерлер елімізді барлық салада бетпе-бет келетін күрделі күрмеулерді дер кезінде, тіпті алдын ала шешіп отыруға міндеттейді. Шырып айтқанда, көрпеге қарай көсілетін уақыт келді. Мемлекет басшысы бюджет қаражатын онтайлы жұмсау, мемлекеттік құрылымның тиімділігін арттыру, артық шығынды болдырмауға баса мән беру керегін қадап айтты. Президент баяндамасының негізгі жүлгесі осыған саяды.

(Жалғасы 4-бетте)

– Мемлекет басшысы биылғы баяндамасында да экономикалық даму мәселелеріне көп тоқталғанын байқадық...

– Экономика – мемлекеттік дамудың негізгі өзегі. Әлбетте, отандық экономика, жоғарыда айтқандай, күллі әлемде орын алып жатқан түрлі тартыстың салдарын сезініп отырғаны белгілі. Өйткені біздің басты қағидатымыз бойынша, Қазақстан – әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі. Бұл экономикаға да тиесілі ұстаным. Сондықтан жаһандық сауда тізбегіне келтірілетін қандай да бір нұқсан біздің экономикамызға да әсер етпей қоймайды. Осы жағдайда орнықты дамуды қалай қамтамасыз етеміз деген орынды сауал туады. Бұл жөнінде Президент бұған дейін де айттып келеді. Үкіметтің кеңейтілген отырысында осы бағыттағы стратегияны тағы да пысықтап, Үкімет пен құзырлы органдар басшылары үшін негізгі мәселелерді қайтара еске салды. Мәселен, ел экономикасын әртараптандыру – өте маңызды бағыт. Соның ішінде осыған дейін он өсім тіркеліп келе жатқан өңдеу өнеркәсібіне барынша жағдай жасалып жатқанына тоқталды. Ерекше назар аударатын дүние, ірі өнеркәсіп жобаларының іске асырылуы баяу жүріп жатқанын сынға алды. Оны елден шығарылған заңсыз активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажеттігін айтты. Үкіметке орта буындағы кәсіпорындар шоғырын қалыптастыру туралы тапсырма берді. Қазір әлемде көптеген ел тиімді пайдаланып отырған туризм саласынан да қаржы табуды жөн санайтынын жеткізді. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру бағытындағы маңызды бастамалар бар. Екінші деңгейлі банктрдің экономиканы қаржыландыруы тұрғысынан нақты міндеттер жүктелді. Игерілуі күрделі кен орындарын экономикалық айналымға қосу туралы ойымен бөлісті.

→ 6

БІРІ МІНІП «ЕҢБЕКТИҢ» КЕМЕСІНЕ, БІРІ КҮТІП, ӘНЕКИ ЖАҒАДА ТҰР...

Халықтың қартаюуы – бүгін әлем алдында тұрған күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Өмір сүру ұзақтығы артып, туу көрсеткіші төмендеген сайын еңбек нарығы, денсаулық сақтау жүйесі және зейнетақы қорларына түсетін салмақ та еселене түспек. Халықаралық зерттеу ұйымдарының мәлімдеуінше, бұл үрдіс, әсіресе кейбір мемлекеттерде ерекше қарқынмен жүріп жатыр.

Қартаюу мәселесі – уақыт өткен сайын өзекті бола түсетін ғаламдық сын-қатер. Әлем елдері бұл құбылысқа әртүрлі жолмен бейімделуде. Бірақ бір нәрсе айқын: демографиялық өзгерістерге бейжай қарау мүмкін емес, өйткені бұл қоғамның барлық саласына әсер ететін, ұзақмерзімді шешімдерді талап ететін маңызды мәселе. Мысалы, соның салдарынан еңбек нарығында теңсіздік туындап, бейнетінің зейнетін көретін шақта қарияларымыз жұмыс орнын іздеуге мәжбүр бола бастады.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, соңғы екі жыл ішінде Қазақстанда жұмыс істейтін зейнеткерлер саны 45,1%-ға өскен. Былтырғы жылдың қыркүйегінде 298,5 мың қазақстандық қария жұмыспен қамтылған. Бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстыр-

ғанда 92,7 мың адамға артық. Оның өзін сала-салаға бөлер болсақ, 119 мың адам, яғни 39,9%-ы ауыл шаруашылығында, бестен бір бөлігі саудада, ал 16,2%-ы білім беру және денсаулық сақтау саласында жұмыс істейді.

(Жалғасы 3-бетте)

ШЫҒЫС АЗАЙМАЙ, КІРІС КӨБЕЙМЕЙДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдерімен өткен арнайы кездесуде Қосымша құн салығының өсуіне танытылып жатқан қарсылықты ескеріп, Үкіметке оны жан-жақты саралап, 20 пайыздан төмен шегін ұсынуды тапсырды. Ел басшысы мемлекет пен әрбір азамат үшін кез келген маңызды шешімдер біржақты емес, әрдайым бизнеспен, сарапшылар және депутаттармен талқыланып, кейін қабылдануы керек ескертті. Себебі тек бір тараптан қабылданған шешімдердің соңы қоғамдық дауға ұласып жатыр. Халықты да түсінуге болады. Тірнектеп тапқан-таянғанына тоя жеп жүргені шамалы болғандықтан, ешбір нәрсе қымбаттамаса екен дейді. Табысты салық пен инфляция «жемеу» керек. Одан да экономикалық даму шараларын жүзеге асырған әлдеқайда тиімді болар еді.

→ 5

ПӘРМЕНДІ ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ПОШТАҢДЫ САЙЛА...




Ұзақ жыл ұлттық пошта операторының халі мүшкіл, кейпі мүскін еді. Жыл сайын миллиардтап шығынға батты. Содан Үкімет оны жекешелендіріп, құтылуға тырысты. 2020 жылы «Самұрық-Қазына» стратегиялық кәсіпорынды ресейлік «Почта России» сатып алуы мүмкіндігін растады. Сарапшылар мұның ұлттық қауіпсіздікке қатер екенін дәлелдеді. Бүгінде жағдай біршама өзгерген. «Қазпошта» дамудың жаңа деңгейіне бет қойыпты. Салада реформа басталды.

→ 6

АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Қытайда қысқы Азия ойындарының алауы тұтанды. Сары аймақтың ақ аламанында құрамамыз тарихи медальға қол жеткізді. Ақтық сында шорт-тректен аралас командалық жарыста еліміз мәре сызығын бірінші болып кесті. Азулы қарсыластарымыз жапондықтар екінші келсе, қытайлықтар үшті қанағат тұтты.



→ 8

11 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТИ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 13 ақпанда болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және палатаның іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы бизнес өкілдерімен кездесу барысында салық реформасын жүргізуде білікті сарапшылардың, кәсіпкерлер мен депутаттардың бірлескен жұмысы айрықша маңызға ие екенін атап өткеніне назар аударды. Осыған байланысты Сенат Төрағасы барлық мүдделі тарапты ел Президентінің тапсырмаларын іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін бірлесіп тиімді жұмыс істеуге шақырды.

Бюро отырысында сенаторлар осы аптада өткізілетін іс-шараларды да пысықтады. Бұл аптада Сенат комитеттері мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының заңын іске асыруға және оны одан әрі дамыту перспективалары, сондай-ақ әскери авиацияны дамыту және елдің әскери әуе күштерінің жауынгерлік дайындығын арттыру мәселелері жөнінде отырыстар өткізілді.

Зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыруға арналған дөңгелек үстелде осы саладағы өзекті мәселелер мен нақты ұсыныстар қаралып, талқыланады.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу және пайдалану: ағымдағы жай-күйі, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары» тақырыбымен өтетін Үкімет сағатына дайындық аясында сенаторлардың

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басшылығымен кездесуі жоспарланған.

Алдағы бейсенбіде өтетін Сенат отырысында палата депутаттары «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңды және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шетелдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды.

Аталған заңның мақсаты – Түркістан қаласының Қазақстан Республикасының рухани-мәдени және тарихи орталығы ретіндегі ерекше мәртебесін айқындайтын құқықтық негіздерді реттеу.

Нақты айтқанда, Түркістан қаласының тарихи ескерткіштері мен тарихи-мәдени мұраларын, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күзет аймақтарында орналасқан тарихи нысандарды басқарудың, сақтаудың, оларды ұстап тұрудың тиімді жүйесін құру тетіктері айқындалады. Құжаттағы бірқатар норма тарихи-мәдени мұраны сақтауға, дамытуға, жандандыруға және ұлттық колөнерді өркендетуге, сондай-ақ Түркістан қаласының халықаралық ынтымақтастығын одан әрі жандандыруға арналған.

Бұдан басқа бюро отырысында осыған дейін Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПША АЛУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Жеке медициналық кітапшаларды алу енді HR Enbek порталында онлайн режимінде қолжетімді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, HR Enbek еңбек ресурстары порталында «Қызметкердің жеке ісі» сервисінде жұмысқа орналасу үшін қажетті медициналық кітапша қолжетімді болды. Құжат азаматтар үшін «Жеке медициналық кітапшалар» бөлімінде, сондай-ақ жұмыс берушілер үшін қызметкерлердің келісімін ала отырып, сұрау салу арқылы қолжетімді.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Денсаулық сақтау министрлігі жеке медициналық кітапшалардың (санитарлық кітапшалардың) электрондық форматын енгізді.

«Электрондық жүйе қызметкерлердің 15 санаттың қамтиды, оның ішінде қоғамдық тамақтану, дәріханалар, санаторий қызметкерлері, сондай-ақ

қызмет көрсету саласының жұмыскерлері мен медициналық персонал бар. Бұл санаттар үшін тұрақты физикалық тексерулер жылына бір рет немесе алты айда бір рет өткізіледі. Бұдан кейін санитарлық кітапшаның электрондық нұсқасы HR Enbek порталына енгізілді, бұл жұмыс істеу үшін тұрақты медициналық тексеруден өтуді қажет ететін азаматтардың жұмысқа орналасуын жеңілдетуге тиіс», – делінген министрлік хабарламасында.

Жеке тұлғаның үшінші тұлғаларға беру үшін дербес деректерді өңдеуге келісімі мобилді азаматтар базасында тіркелген қызметкердің нөміріне SMS жіберу арқылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің дербес деректеріне қол жеткізуді бақылау сервисімен жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Сондай-ақ бұл келісу HR Enbek порталында немесе AppStore және GooglePlay арқылы жүктеуге болатын мобилді қосымшасында ЭЦК көмегімен беріледі.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Айдабол ауылында «Ауыл аманаты» бағдарламасының қатысушыларымен кездесті.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл кәсіпкерлігін дамытуға қатысты тапсырмасына сәйкес, Зеренді ауданында ет-мал шаруашылығы кластері құрылады, оның орталығы «МБ-4» ЖШС ет комбинаты болады.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл кәсіпкерлеріне 7 жылға 2,5 пайыз мөлшерлемен ерекше несие шарттарын ұсынады. Бірақ бұл мемлекет тарапынан сыйлық емес, әр жұмсалған қаражат жіті бақылауда болады. Зеренді ауданындағы ет кластерін дамытуға шамамен 450 миллион тенге бөлінуде және бұл қаражат барлық тұрғынның мүддесіне қызмет етуі тиіс. Біздің міндетіміз – сіздерге ветеринарлық қызмет көрсету, азықпен қамтамасыз ету, сондай-ақ логистика мен сату жүйелерін қалыптастыруда көмек көрсету, – деді өңір басшысы.

Марат Ахметжанов аудан әкіміне және облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшылығына жағдайды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды, себебі жауапкершілік айтарлықтай. Облыс әкімінің айтуынша, Айдабол ауылының округінің барлық тұрғыны он өзгерістерді сезінуі тиіс, ал жергілікті бюджетке түсетін қосым-

ша салық түсімдері маңызды мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

«МБ-4» ЖШС басшысы Азамат Шалмағанбетов ет комбинатының қуаты қазір жартылай ғана пайдаланылатынын айтты. Кәсіпорын сапалы жергілікті шикізатқа мүдделі әрі мал шаруашылығына ветеринарлық және зоотехникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге дайын. Дұрыс қоректендірілсе, әр сиырдың төлі күн сайын 600-800 грамм ғана емес, бір келіден астам салмақ қоса алады. Сонымен қатар ет комбинаты серіктестеріне жоғарырақ сатып алу бағаларын ұсынады.

– Біз құрама жемшөп зауытын салуды және боен қалдықтарын қайта өңдеуді ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Біздің мақсатымыз – өндірістің жабық цикліне қол жеткізу, ол барлық қатысушыға неғұрлым мол пайда әкеледі, – деді кәсіпорын басшысы.

Кездесуді қорытындылай келе аймақ басшысы: «Бұл жобаның болшағы зор, оны дұрыс іске асырып, кейін басқа аудандарға тарату – біздің басты міндетіміз», – деп алда тұрған жұмыс жауапкершілігін тағы бір еске салды.

САРАПШЫЛЫҚ ДИАЛОГ ТЕРЕҢДЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) мен Ресей Ғылым академиясының Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты (РФА ЭӘХҚИ) сараптамалық кездесуі өткізді.



Іс-шара барысында Қазақстан мен Ресейдің екі жетекші сараптамалық орталықтары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың даму динамикасын талқылап, екіжақты күн тәртібінің негізгі бағыттары бойынша сарапшылық диалогті тереңдету қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Президент жанындағы ҚСЗИ директоры Еркін Тұқымов екіжақты қарым-қатынастардың оң динамикасын және түрлі деңгейдегі кездесулердің тұрақты сипатына назар аударды. Оның айтуынша, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестіктің беріктігі – Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықтың басты факторларының бірі.

«Заманауи жағдайда біз бір-біріміздің мүдделерімізді ескеріп, құрметтеуге ерекше назар аударуымыз керек. Тендікке негізделген әріптестіктің басты

қағидалары – өзара сенім мен ұлттық мүдделерді құрметтеу – жана мағынаға ие болуда», – деді Е. Тұқымов.

ҚСЗИ директоры 2025 жыл екі ел арасындағы әріптестіктің дамуы үшін маңызды мерейтой – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа 20 жыл толатынын еске салды. Бұл мерейтойға елдер тұрақты саяси диалогтің арқасында қалыптасқан тығыз әрі нәтижелі ынтымақтастықпен жетті.

Е. Тұқымов Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық қарым-қатынастардың жана кезеңінде сараптамалық ынтымақтастықтың маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Зияткерлік дипломатия бұл үдерісте ерекше рөл атқарып, елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай үлес қосады.

342 БАЛА МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНА АЛЫНДЫ

Бас прокурор Берік Асыллов балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында прокуратура қабылдап жатқан кешенді шаралар туралы айтты.

«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында прокурорлар балаларға қатысты қауіп немесе зорлық-зомбылық фактілерін анықтау үшін 63 мыңнан астам отбасына барды.

– Қамқоршыларға, асырап алушыларға, ата-аналарға және басқа да тұлғаларға қатысты 93 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. 11 мың ата-ана мен заңды өкілдер бала тәрбиелеу міндеттерін тиісінше

орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар аса ауыр жағдайға тап болған 342 бала қолайсыз отбасылардан мемлекет қамқорлығына алынды, – деді Берік Асыллов.

Ал URPAQ жобасы отбасылардағы жасырын зорлық-зомбылық түрлерін анықтауға бағытталған. Ол зарлап шеккендерге психологиялық және заңдық қолдау көрсету бойынша кешенді көмекті қамтиды.

Қысқа уақыт ішінде оқушылар мен мұғалімдер тарапынан болған бұзақылық пен буллинг туралы 1 809 хабарлама түсті. Тексеру нәтижелері бойынша 192 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды; 1 617 адаммен профилактикалық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



«ӘКІМДЕР МЕКТЕБІНІҢ» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

«AMANAT» партиясының базасында Үкіметтің Өңірлік саясат жөніндегі жобалық кеңсесі Сараптамалық орталығы ашылды. Ол «Әкімдер мектебі» жобасын жүзеге асырумен, басқару процестерін цифрландырумен, аудандық және ауылдық округ әкімдеріне экономикалық даму бағдарламаларын іске асыруға көмектесумен айналысады. Орталықтың жұмысымен Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов танысты. Іс-шараға Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында тікелей сайланған әкімдердің жана санаты — сайланбалы басқарушылар пайда болғанын атап өтті. Олардың арасында мұғалімдер, дәрігерлер және мемлекеттік қызметте тәжірибесі жоқ басқа да мамандар бар. Сондықтан Президент «AMANAT» партиясының тәжірибесін ескере отырып, «Әкімдер мектебі» оқу жобасын іске қосуды тапсырды.

«Әкімдерді тікелей сайлау — бұл Президенттің негізгі реформаларының бірі, елді одан әрі демократияландыру жолындағы үлкен қадам. Қоғам сайланған әкімдермен бірге өзекті мәселелерді шешуге белсенді түрде кірісе бастады. Сайлауда жеңіске жеткендердің саны көпшілігі — біздің партияның өкілдері. Енді олардың басты міндеті — сайлаушылардың сенімін ақтау. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, партия Үкіметпен бірлесіп, сайланған әкімдерді жана құзыреттерге, заңдармен және бюджетпен жұмыс істеуге үйрететін болады. Мұның барлығы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін күнделікті жұмыста көмектеседі», — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері ауылды жан-жақты дамыту — Мемлекет басшысы саясатының

басымдығы екенін атап өтті. Осыған байланысты былтыр «AMANAT» партиясы елдің барлық өңірінде жаңадан сайланған ауыл әкімдерінің форумдарын өткізді. Бұл іс-шараларға облыс әкімдері қатысып, сайланған басшылардың алғашқы жұмыс қорытындылары жасалды. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейту, соның ішінде олардың бюджеттерін ұлғайту бойынша ұсыныстар әзірленді. Атап айтқанда, енді ауыл әкімі көше саудасы, қоғамдық орындарды реттеу мәселелерін әкімшілік тұрғыдан басқара алады, сондай-ақ ауыл бюджетіне жеке және заңды тұлғалардың мүлік, жер, көлік салықтары түседі.

Өз кезегінде Үкіметтің Өңірлік саясат жөніндегі жобалық кеңсесін басқаратын вице-премьер Қанат Бозымбаев ауылдық әкімдердің дербестігін күшейту бойынша жүйелі шаралар қабылданатынын атап өтті. Цифрландыру арқылы әкімдер бірінші ақпараттық жүйелерге қол жеткізіп, тұрғындардың саны, мал басы, жеке қосалқы шаруашылықтардың жағдайы және басқа да параметрлер бойынша толық статистикалық ақпаратқа ие болады. Вице-премьердің айтуынша, әкімдерде жеткілікті қаржылық құралдар болуы маңызды, сонда олар қажетті нәтижеге қол жеткізе алады.



«AMANAT» партиясы бастамашылық еткен және Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бірлесіп іске асырып отырған «Әкімдер мектебі» жобасы 2 400-ден астам аудандық және ауылдық округ әкімдерін қамтиды. Оқу курсы, басқа да тақырыптармен қатар ауылдық округтердің экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеу және оларды тәжірибеде қолдану әдістемесін үйретуге бағытталған. Әкімдер өз ауылдарының экономикалық мамандандырылуын анықтауды, сондай-ақ өнімді өндіруден бастап, оны сертификаттау мен сатуға дейінгі тікелей тізбекті құруды үйренеді.

«Қарызыз қоғам» жобасының атқарушы директоры Олжас Ордабаев қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелерімен және алдағы жоспарлармен бөлісті. Соңғы екі жыл ішінде 840 мың адам оқытудан өтті, оның ішінде 70 мың заңгерлік көмек алды. Енді жобаны кеңейту мақсатында онлайн оқытумен қатар, курстар онлайн форматта да қолжетімді болады. Сонымен қатар заңгерлік кеңесті міндетті оқусыз алуға мүмкіндік туады, ал халықтың ыңғайлылығы үшін «Қарызыз қоғам» жобасының Call-орталығы ашылады.

Мамыр айының соңына дейін Үкіметтің Өңірлік саясат жөніндегі жобалық кеңсесі «AMANAT» партиясымен бірлесіп, елдегі барлық ауылдық округтің экономикалық даму бағдарламаларын әзірлейді және әкімдерді олардың бағдарламаларын іске асыру барысында сүйемелдейтін болады. Сондай-ақ орталық жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген өнімдерді сертификаттау және оларды ұйымдастырылған сатып алулар мен сауда желілері арқылы сату мәселелерімен айналысады.

Ә.САМАТҰЛЫ

БІРІ МІНІП «ЕҢБЕКТІҢ» КЕМЕСІНЕ, БІРІ КҮТІП, ӘНЕКИ ЖАҒАДА ТҰР...

(Басы 1-бетте)

Кәмила ДҮЙСЕН

ЗЕЙНЕТТЕ ЖАЛҒАСҚАН «БЕЙНЕТ»

Статистика көрсеткендей, мұндай қарт қазақстандықтардың саны екі жыл ішінде экономиканың барлық салаларында өсті. Айырмашылық динамикада ғана. Мысалы, құрылыс, мемлекеттік басқару, қаржы секторында жұмыс істейтін зейнеткерлер саны 3 есе, көлік және логистика саласы, сауда, әлеуметтік салаларда 2 есе көбейген.

Еңбек нарығында егде жастағы азаматтардың өзіндік орны бар. Олардың ең үлкен тобы зейнетке шыққан және 65 жасқа дейінгі жандардан құралған, ал сирек кездесетін санат — 85 жастан асқан жұмысшы қариялар. 2023 жылы осы топтағы 700-ден астам ата-әжелеріміз жұмысын жалғастыруы көңілімізге қаяу ұялатып отыр. Себебі бұл сан бұрынғы жылдармен салыстырғанда күрт өскен. Тіпті, үш жыл бұрын 85 жастан асқан еңбеккерлер мүлде болмаған еді. Мұндай құбылыс уақыт пен қоғам өзгерісін көрсетіп тұрғандай. Картаю — табиғи үрдіс, әйтсе де заман шындығы шымбайға батады. Өйткені адамдардың орташа жасы ұлғайғанымен, оған қоса бел бүгіп еңбек ететін күндері де көбейіп келеді. Бұл қажеттілік пе, әлде тандау ма? Ойлануға тұрарлық сұрақ.

Ranking сараптама орталығының мамандары зейнеткерлікке шыққан қазақстандықтардың негізгі бөлігі жастарға тәжірибе беру мақсатында жұмысын жалғастырады деген гипотезаға талдау жүргізеді. Сонымен, ҰСБ есептері көрсеткендей, былтырғы жылдың қыркүйек айының қорытындысы бойынша 65 жастан асқан барлық жұмысшылардың жартысынан көбі (59,1%) біліктілігі жоқ жұмысшылар қатарын толықтырған. Бұл көрсеткіш 69,3 мың адамды құрайды. Олардың негізгі бөлігі шаруа қожалықтарындағы біліктілігі жоқ жұмыс күшіне — малшы, шопан, сауыншы және тағы басқаларына қатысты. Егде жастағы зейнеткерлер тазалашы болып немесе қызмет көрсетуші персоналдың басқа да жұмысын атқарды. Екі жылдың ішінде мұндай қызметкерлердің саны бірден 22 есеге — 339-дан 7,6 мың адамға дейін өскен. Ал 65 жастан асқан көше саудагерлері 13 есе — 395-тен 5,2 мың адамға дейін ұлғайған. Біліктілігі жоқ қызық жинаушылар саны 79,1% - ға, яғни 3,7 мың адамға дейін артқан.

Тәуелсіз сарапшы, экономист, Максат Халықтың пайымдауынша, мемлекет жақын аралықта жаңа жұмыс орындарын ашуды қолға алмаса, қордаланған мәселе жастарды жұмыссыз қалдыру мүмкін.

— Отандық еңбек нарығында осыны да жұмыссыздық үлкен мәселе. Ресми статистика бойынша бұл 5 пайыз деп келтіріледі, ал ол 500 мыңға жуық адамның жұмыссыз



Елнур КАЖА (қолжазба)

екенін көрсетеді. Бұл тек жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген азаматтардың саны. Одан бөлек, жұмыссыз бірақ ешқандай ресми орталықта тіркелмеген жандарды да көптеп кездестіруге болады. Соның ішінде жастар арасында жұмыссыздық деңгейі артып келеді. 2000-жылдары бізде «беби-бум» болғанын білесіздер. Сол азаматтар бүгінде ер жетіп, еңбек нарығына араласа бастады. Дегенмен бұл жастар үшін қолында дипломы болса да, екі қолға бір күрек табу қиын. Өйткені көптеген мекемеде тәжірибесіз маманды жұмысқа алмайды, кем дегенде 2 жыл жұмыс өтілін сұрайды. Бұл тенденция одан әрі де жалғасып жатыр. Өйткені ЖОО түлектерімен қоса мектеп бітіріп, бірақ оқуын жалғастырмай қалған азаматтардың орта есебін шығарсақ, шамамен 300 мыңдай адам еңбек нарығына шығады. Егер 2-3 жыл көлемінде бұл мәселе шешімін таппай қордаланып қалса, олардың да көлемі 1 млн адамға жуықтап қалады. Сондықтан зейнетке шыққан жандардың еңбегін одан әрі жалғастыруы жұмыс орындарының босамауына да ықпал етеді дегуге негіз бар, — дейді сарапшы.

Ал экономист Бауыржан Ысқақовтың пікірінше, бұл мәселелердің шешімін табуы үшін мемлекет қандай да бір стратегиялық жоспар әзірлеуі қажет. Біріншіден, жастар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, жастардың тәжірибесі мен біліктілігін жетілдіруге бағытталған жобалар көп болуы қажет.

— Қазақстандағы жиынтық зейнеткерлер орташа мөлшері 132 мың теңгені құрайды. Бұл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты. Соңғы уақытта жұмыс істейтін зейнеткерлер санының артып келе жатқанын білеміз. Бұл көптеген факторға байланысты, соның ішінде экономикалық, әлеуметтік, демографиялық аспектілерді атап өтуге болады. Дегенмен бірінші кезекте зейнетақы



ҰСБ есептері көрсеткендей, былтырғы жылдың қыркүйек айының қорытындысы бойынша 65 жастан асқан барлық жұмысшылардың жартысынан көбі (59,1%) біліктілігі жоқ жұмысшылар қатарын толықтырған. Бұл көрсеткіш 69,3 мың адамды құрайды. Олардың негізгі бөлігі шаруа қожалықтарындағы біліктілігі жоқ жұмыс күшіне — малшы, шопан, сауыншы және тағы басқаларына қатысты.

жүйесінің тұрақсыздығы дер едім, яғни сол азаматтардың зейнетқақысы күнкөріс деңгейін қамтамасыз етуге жеткіліксіз болуы мүмкін. Осыған байланысты көптеген азамат зейнетке шыққаннан кейін де жұмысын жалғастыра береді. Бізде орташа жалақының өзі жоғары емес, ал зейнетке шығар кезінде оның барлығы ескеріледі және зейнетақы мөлшеріне тікелей әсер етеді, — дейді ол.

Бұл да жастардың нарыққа тез дағдыланып кетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпкерлікке ынталандыру қажет. Одан бөлек, зейнетақы мөлшері жоғары болса, қария қызметкерлер де жастарға бәсеке болмауға ұмтылар еді. Сондықтан сарапшы зейнеткерлердің де табысы индексациядан өтіп тұруы керек деген қорытындыға келді. «Қария кісілерге арналған технологиялық әртүрлі дағдыны менгеру жолдарын қамтамасыз ету, сондай-ақ жастар мен зейнеткерлер арасында тәжірибе алмасуға бағытталған жобалар жүзеге асырылса, нұр үстіне нұр болар еді», — дейді Бауыржан мырза.

ҚАМСЫЗ ҚАРИЯ ДА ҚОҒАМНАН ҚОЛ ҰЗБЕУІ КЕРЕК

Статистика бюросының деректерінен мынадай тенденцияны байқауға болады. Екі жыл ішінде елімізде денсаулық сақтау және білім беру саласында 65 жастан асқан мамандар саны күрт қысқарды. Бірақ бизнесте және әкімшілікте жұмыс істеген егде жастағы мамандар-кәсіпқойлар саны едәуір өсті. Мұндай жұмыс істейтін зейнеткерлер еңбек нарығында 8 мыңнан астам адамды құрады. Айтпақшы, шенеуніктердің өздері де 65-ші туған күнінен кейін жұмысын жалғастыруға қарсы болмайды. Екі жыл бұрын елде тек 58 жұмыс істейтін жоғары буын басшылары, заң шығарушылар мен мемлекеттік қызметкерлер болған. 2024 жылдың қыркүйек айының қорытындысы бойынша олардың саны 423 адамды құрады.

Сонымен қатар Ұлттық статистика бюросының мәлімдеуінше, 2023 жылы 60 жастан асқан респонденттердің 77,1%-ы өздерін орта тапқа жатқызған екен. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға артқан. Осы жас тобындағы респонденттердің тағы 17%-ы олардың қауіпсіздігі орташа деңгейден жоғары

— Әрине, елімізде егде жастағы жұмысшылар санының артуына орташа өмір жасының ұзаруы әсер етіп отыр. Соның ішінде әлеуметтену мәселесінің де ықпалы жоқ емес, өйткені жұмыссыз қалған немесе зейнеткерлікке шыққан азаматтар тезірек қартайды. Әсіресе, қоғамнан оқшауланып, өмірде өзін бақытсыз сезінетін жағдайлар да жиі кездесіп жатады. Сондықтан азаматтар зейнетке шыққан күннің өзінде қандай да бір жұмыспен қамтылса екен деген ой бар, — дейді маман.

Оның пайымдауынша, елімізде жиі жасалатын той-томалақтардың көбі қариялардың көңілін аулауды мақсат тұтады.

— Мысалы, Жапонияда орташа өмір сүру ұзақтығы 90 жасқа құрайды. Олар зейнеткерлердің қоғам өмірінен тыс қалып қалмауы үшін көптеген шешім қарастырған. Әсіресе, қариялардың таннан кешке дейін жаны мен тәнінің саулығын сақтауға бағытталған әртүрлі орталықтар кездестіре аласыз. Одан бөлек, өз салалары бойынша әртүрлі коммунисті құрып, сол жерде зерттеумен айналысып, шығармашылығын да тоқтатпайды. Егер ұсыныстары болса, оны мемлекеттік дәрежеде талқылауға және заңдарға өзгерту енгізу үшін түрлі бастама көтеруге қабілетті. Осы тұрғыдан алғанда, бұл азаматтар қартайса да, ақыл-ой еңбегімен және басқа да еңбек өнімділігімен қоғамның дамуына өз үлесін қосуды тоқтатпайды. Ал біздің елде керісінше, зейнетке шыққан қарттарымыз қоғамнан ысырылып қалғандай күй кешеді. Тіпті, кейде той-томалақтың да сол қарттарымыз үшін өткізіліп жататынын көреміз. Сондай жиындарда ол кісілердің әлеуметтенуіне, қоғамға араласуға мұқтаж екенін байқаймыз, — дейді ол.

Өзге елдерге көз жүгіртер болсақ, 2022 жылы Жапонияда әрбір 100 жұмысшыға шаққанда 55 зейнеткерден келсе, Италияда бұл көрсеткіш 41-ге жеткен. Ал болжамдарға сүйенсек, 2050 жылға қарай бұл сан сәйкессіне 81 және 74 жасқа дейін ұлғаяды. Мұндай демографиялық өзгерістердің салдары тек осы елдермен шектелмей, алдағы онжылдықтарда Қытай мен АҚШ секілді ірі мемлекеттерге де әсер етпек. Бүгінде бұл елдерде халықтың орташа жасы салыстырмалы түрде жас болғанымен, уақыт өте келе қартаюдың жаңа толқынына тап болары анық.

Әсіресе, Қытай мен Оңтүстік Корея демографиялық құбылыстарды ең қарқынды бастан өткеретін елдердің қатарында. Қытайдың бір кездері енгізген «бір бала саясаты» бүгінгі күні өзінің кері әсерін тигізуде — бұл шара халықтың қартаюын тежей алмады, керісінше демографиялық тепе-теңдікті бұзып, жұмыс күші тапшылығын туындатты. Ал Оңтүстік Кореяда туу көрсеткіші әлемдегі ең төмен деңгейге дейін түскен. Қалыптасқан дәстүрлі жүйе, әсіресе өйелдерді мансап пен жеке өмір арасында тандау жасауға мәжбүр етіп, отбасын құруға деген ұмтылысты бәсеңдетіп отыр.

МІНБЕР

11 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Берік УӘЛИ,

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі — Баспасөз хатшысы:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ
ЖЕҢІЛ БОЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Тағы бір мән беретін мәселе бар: Үкіметтің кеңейтілген отырысында қосымша құн салығын көтеруге қатысты ұсыныс айтылғаны баршаға аян. Бұл жайт қоғамда қызу талқыланды. Қарапайым жұртшылықтан бастап сарапшыларға дейін осыған қатысты ойларымен бөлісті. Президент те аталған мәселеге жіті көңіл бөліп, өткен аптада отандық бизнес өкілдерімен кездесуде өзінің пікірін жеткізді. Мемлекет басшысы кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн екенін атап өтті. Президент бұл тарапта түрлі нұсқаны қарастырып, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс екеніне ерекше мән берді. Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, сарапшылар мен депутаттардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керекін қадап айтты.

Осылайша, Мемлекет басшысы стратегиялық бағыттарды белгілеп, желдің қай жақтан соғатынын, оған қарсы амалдарды санамалап айтып берді. Енді Үкімет мүшелері мен басқа да тиісті органдар осы міндеттерді орындауға жан-тәнімен кірісіп, бүкіл күш-жігерін жұмылдыруы керек. Бұл ретте Президент экономиканың барлық саласына инвестиция тартудың өте өзекті екенін атап көрсетті.

— Шынында, Қасым-Жомарт Тоқаев шетелден инвестиция тарту жөнінде жиі айтты. Жалпы, елімізде қазіргі инвестициялық климат қандай?

— Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде Инвестициялық штаб құрылғаны жақсы білесіздер. Бұл бюрократиялық кедергілерге, топтық мүдделерге қарсы тұратын, құқықтық тұрғыдан инвесторды қорғай алатын қабілетке ие институтқа айналуға тиіс. Штабтың тиімді жұмыс істеуіне қажетті барлық жағдай жасалып, оның орындалуын Қасым-Жомарт Кемелұлы тікелей бақылауында ұстап отыр. Дегенмен Президент Үкіметтің міндеті инвесторлардың жекелеген мәселелерін шұғыл шешу ғана емес, еліміздегі жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту екенін ерекшелік айтты. Былтыр жыл соңында республикалық басылымдарға жазған мақаламызда да атап өткенбіз, Президент 2024 жылы жиырмадан астам мемлекетке сапармен барды. Көптеген халықаралық жиынға қатысты. Соның бәрінде ең әуелі мемлекеттер басшыларымен және шетелдік бизнес өкілдерімен кездесіп, еліміздегі шешімін таппай жатқан салаларға қаражат тартуға тікелей бастамашы болып келеді. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан экономикаға инвестиция тарту көрсеткіштері бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Бірақ Президент оған тоқмелейтін болмайтынын жеткізді. Өйткені біріншіден, елімізде бюджет тапшылығы орын алып отыр. Инвестицияның асауын бюджет есебінен өтеу қысқамерзімді ғана нәтиже беретінін тілге тиек етті. Сол себепті өңірлерге, Алматы қаласына құйылатын шетел инвестициясын арттыру міндеті қойылды. Үкіметтен барлық деңгейде, яғни орталық болсын, ірі қалаларымыз болсын, өңірлеріміз болсын, инвестор әкелуге қолайлы жағдай жасай-

тын біртұтас экожүйе құру талап етіледі. Екіншіден, қазір әлемде сирек кездесетін металдарды өндіру мен өңдеуге артып келе жатқан сұранысты тиімді пайдалану керек. Осы мақсатта еліміздің әлеуетін дұрыс іске асырған жөн. Мәселен, Үкімет басшысы елімізде аталған бағытта 17 кен орны ашылғанын айтты. Оның ішінде литийдің орны ерекше. Міне, осы салаға инвестиция тартылса, озық технологиялар келсе, шетелдік және отандық инвесторларға бірдей жағдай жасалса, еліміздегі инвестициялық климатты айтарлықтай жақсарту түсетіні анық. Қазір бұл тарапта геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін инвесторларға үлкен мүмкіндік беріліп отыр. Яғни, олар өз шығындары есебінен әрі барлау жүргізеді, әрі жер қойнауын пайдалану құқығына ие болады. Осы ретте елімізде Жер қойнауын пайдалану бойынша реформа жүргізіліп, оның заңнамалық платформасы әзірленіп жатыр. Жалпы былтырғы құйылған қаржы көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда шетелдік инвестицияның біршама кемігенін көрсетеді. Бұл — түсінікті. Себебі қазір дүниежүзі бойынша инвестицияға талас жүріп жатыр. Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде инвестицияның рөлі өте үлкен. Мемлекет басшысы экономикаға инвестиция тарту еліміздің әлемдік картадағы орнын анықтайтынын айтып, бұл істің мәні зор екенін жеткізді.

— Инфрақұрылымды дамыту мәселелерінде айтылған жобалар қаншалықты орындалады?

— Кейінгі жылдары еліміздің бірқатар қаласының жылу жүйелері қыстың көзі қырауда апатқа ұшырағаны қоғамға мәлім. Мұндай оқиғалардың елдің беделіне нұқсан келтіретіні де күмәнсіз. Осы орайда Президент нарық талабына сай тариф саясатын қайта қарауды тапсырды. Өйткені ТМД елдеріндегі баға

жүк және жолаушылар терминалдарын, логистикалық орталықтарын, заманауи қызмет көрсету орындарымен қамтылған толық экожүйені құруды міндеттеп отыр. Бұл салаларда да Қазақстан өзінің экономикасына тиесілі пайдалануға қажет. Қауіпсіздік Кеңесінің алдағы отырысы осы көлік-транзит, логистикалық әлеуетті дамыту тақырыбына арналады.

— Цифрландыру саласында жетекші рөлге не бола аламыз ба?

— Қазір әлемдік сауда электронды жүйеге көшкені белгілі. Еліміз мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру

жүк және жолаушылар терминалдарын, логистикалық орталықтарын, заманауи қызмет көрсету орындарымен қамтылған толық экожүйені құруды міндеттеп отыр. Бұл салаларда да Қазақстан өзінің экономикасына тиесілі пайдалануға қажет. Қауіпсіздік Кеңесінің алдағы отырысы осы көлік-транзит, логистикалық әлеуетті дамыту тақырыбына арналады.

— Цифрландыру саласында жетекші рөлге не бола аламыз ба?

— Қазір әлемдік сауда электронды жүйеге көшкені белгілі. Еліміз мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру

ЭКОНОМИКАМЫЗ ДАМЫП ЖАТЫР. БІРАҚ ОНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ОЙДАҒЫДАЙ ЕМЕС. АЛДЫМЫЗДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР. ОНЫ АЛДАҒЫ БЕС ЖЫЛДА ОРЫНДАУЫМЫЗ КЕРЕК.

БІЗГЕ, ЕҢ АЛДЫМЕН, БІЛІКТІ ЖӘНЕ ЕЛ МҮДДЕСІН ОЙЛАЙТЫН ОТАНШЫЛ КАДРЛАР КЕРЕК. ДӘЛ ОСЫНДАЙ МАМАНДАРДЫ ТАУЫП, ОЛАРДЫ БАСШЫЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАЙМЫЗ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен

28 қаңтар, 2025 жыл

Қазір әлемдік сауда электронды жүйеге көшкені белгілі. Еліміз мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру бағытында үлкен жетістікке жетіп отыр. Бұл тарапта көптеген дамыған елдердің цифрлы жүйесінен озық екенімізді мақтанышпен айтуға болады. Дегенмен бұл сәт сайын дамитын сала болғандықтан, ақпараттарды қорғау, аталған экожүйені ұдайы дамыту ісі өте өзекті.

біздің нарықтан әлдеқайда жоғары. Бұл — контрабандалық қылмысты өршітетін жағдай. Тіпті, шекара бағандарының астынан тоннель қазып, жанар-жағармай тасыған оқиғалар орын алғанын құзырлы органдарымыз анықтады. Сондықтан энергияға, жылуға, суға қатысты тұтыну бағаларын өзгерту коммуналдық нысандарды дер кезінде жаңартуға бағдар берілуіне мүмкіндік беретінін ұмытпаған ләзім. Президент айтқандай, ескірген энергетикалық нысандарды инновациялық стансалармен алмастыру керек. Қуат көзі тапшылығы артқан сайын атом энергиясын пайдалануға сұраныс күшейеді. Бұл тұрғыда Қазақстан атом өнеркәсібіне қажетті отын көзінің үлкен қорына ие

берілді. Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Транскаспий бағдарын дамыту аясында «Мойынты — Қызылжар» бағытында жана темір жол құрылысын бастауды, Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың көптеген учаскесін жаңғыртуды тапсырды. Сонымен қатар «Алтынқол — Жетіген» темір жолын кеңейту міндетін жүктелді. Мұның бәрі Қытай мен Орталық Азияның арасындағы көлік дәлізін дамытуға септігін тигізбек. Былтыр еліміздің бірқатар қаласының әуе терминалдары жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Осы орайда ел аумағында халықаралық әуе хабын құру ісі қолға алынғанын атап айту керек. Президент

бағытында үлкен жетістікке жетіп отыр. Бұл тарапта көптеген дамыған елдердің цифрлы жүйесінен озық екенімізді мақтанышпен айтуға болады. Дегенмен бұл сәт сайын дамитын сала болғандықтан, ақпараттарды қорғау, аталған экожүйені ұдайы дамыту ісі өте өзекті. Ақпарат құралдарынан америкалық және қытайлық платформалардың өзара бәсекесі туралы оқып, біліп отырмыз. Айталық, Қытай тарапы бар-жоғы 6,5 миллион долларға DeepSeek платформасын жасады. Оның тиімділігі миллиардтаған доллар жұмсалған платформалардан асып түсті. Міне, осындай қазіргі заманның сұранысын жетік біліп қана қоймай, оны Қазақстан қоғамына дендеп енгізу мақсатында Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы озық ойлы тұлғалармен жиі кездеседі. Жуырда ғана осы саладағы қытайлық кәсіпкер Ли Кай Фуды қабылдаған болатын. Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы сөзінде де қытай тәжірибесін кенінен зерделеу жөнінде тапсырма беруі бекер емес. Бұл салада біз бағындыратын биіктер әлі алда. Жалпы, цифрландыру саласына мыңдаған маман даярлаудан бастап, елордада AI-Sana жасанды интеллектіні оқыту орталығын ашуға дейін бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр деуге болады. Сонымен қатар жана қауіп-

кәтерлер де бар. Қазіргі кезде кибералайық-тықтан қорғану мәселесі өте маңызды. Осы қылмыстық істердің 80 пайызының әшкереленбей қалуы арнайы құзырлы органдарымыздың цифрлы әлеуетін әлі де жетілдіруін қажет етеді. Өйткені мемлекет үшін азаматтардың қауіпсіздігі ең басты орында болуы керек.

— Әлеуметтік салада мемлекет қолдауымен іске асырылып жатқан жобалар туралы нақты не айтар едіңіз?

— Президент мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерді орындауына баса мән береді. Бұдан бұрынғы несиелердің белгілі бір бөлігін өтеу, атаулы әлеуметтік көмек беру, жәрдемақы беруді жүйелеу сынды халық көңілінен орын алған бастамаларынан бөлек, қазіргі кезде денсаулық сақтау мен білім және ғылым салаларындағы жобаларды әділ қаржыландыруға назар аударып отырғанын атап айту керек. Оның барлығы заңнамалық тұрғыдан негізделді. Ауылдарда алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 200-ге жуық нысан жыл соңына дейін беріледі. Биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілмек. Президент осы ауқымды жұмысты ширатуға тапсырма берді. Сонымен қатар келесі жылы барлық аудандық ауруханаларға жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Осыған дейін ел көңілінен орын алған «Жайлы мектеп» жобасы биыл аяқталады. Оның басым бөлігіне сыбайлас жемқорлық фактілерінен өндірілген қаржы пайдаланылғаны белгілі. Үш жыл ішінде Президент тапсырмасымен тағы 1 300 мектеп жаңғыртылады. Ең бастысы, биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Атаулы жыл аясында сұранысқа ие кадрлар даярлауға, еңбек адамның абыройын арттыруға үлкен мән беріледі. Мемлекет басшысы азаматтардың өтінішіне құлақ асу қажеттігін айтты. Өйткені әр өтініштің артында адам тағдыры бар. Бұл ретте мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру міндеті қойылып отыр.

— Президент баяндамасында көпшіліктің назарын аударғаны — елімізді лақап атпен атаушыларға қатысты сөзі. Мемлекет басшысы елдің бет-бейнесін қалыптастыруда қоғамдағы барлық үдерісті қадағалайтынын байқадық...

— Әлбетте. Қазір адамдар әлеуметтік желілердегі қажетті-қажетсіз ақпарат тасқынынан өзін қорғай алмай, сана



ЭКОНОМИКАМЫЗ ДАМЫП ЖАТЫР. БІРАҚ ОНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ОЙДАҒЫДАЙ ЕМЕС. АЛДЫМЫЗДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР. ОНЫ АЛДАҒЫ БЕС ЖЫЛДА ОРЫНДАУЫМЫЗ КЕРЕК.

БІЗГЕ, ЕҢ АЛДЫМЕН, БІЛІКТІ ЖӘНЕ ЕЛ МҮДДЕСІН ОЙЛАЙТЫН ОТАНШЫЛ КАДРЛАР КЕРЕК. ДӘЛ ОСЫНДАЙ МАМАНДАРДЫ ТАУЫП, ОЛАРДЫ БАСШЫЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАЙМЫЗ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен

28 қаңтар, 2025 жыл

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

КӨКЕЙКЕСТІ

11 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ

Ұзақ жыл ұлттық пошта операторының халі мүшкіл, кейпі мүскін еді. Жыл сайын миллиардтап шығынға батты. Содан Үкімет оны жекешелендіріп, құтылуға тырысты. 2020 жылы «Самұрық-Қазына» стратегиялық кәсіпорынды ресейлік «Почта России» сатып алуы мүмкіндігін растады. Сарапшылар мұның ұлттық қауіпсіздікке қатер екенін дәлелдеді. Бүгінде жағдай біршама өзгерген. «Қазпошта» дамудың жаңа деңгейіне бет қойыпты. Салада реформа басталды.

ҰЛТ ПОШТАДАН АЙЫРЫЛА ЖАЗДАДЫ

Пошта қай заманда да қауым-қалыптастырушы құрылым болған, онсыз бірде-бір мемлекет болмайды. Ұлттық пошта операторының шығын құрдымынан шыға алмай жүруі халықтың да, депутаттардың да қабырғасына бататын. Бұл мәселе Парламентте талай талқыға салынды, Үкіметке қаншама ұсыныс енгізілді. Себебі пошташылар қала мен ауылды байланыстырып тұрған «алтын көпір» саналады. Банкі мен банкоматы жоқ шалғай ауылдарға зейнетақы, жәрдемақы атаулыны да солар жеткізеді. Хат-хабар, газет-журнал, өзге де сәлемдемелер соның мойнында. Пошташылардың елдегі ең төменгі жалақыдан да аз (25-45 мың теңге) айлық алатыны туралы Ақпун ұдайы мәселе көтерді.

«Қазпошта» АҚ-ның активті басқару тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит көрсеткендей, ол 2018 жылды 271,9 миллион теңге шығынмен аяқтаған. 2019 жылы таза табысы 54,4 млн теңге болды, ал, 2020 жылғы шығыны 5,1 млрд теңгеге дейін өсті. «Қазпоштань» шығыны 2022 жылы 12,5 миллиард теңгеге дейін шарықтаған. Сондықтан Үкіметтің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысымен «Қазпошта» АҚ-ы басымдықты тәртіппен жекешелендіруге жататын компаниялар тізіміне енді. Экономиканы модернизациялау жөніндегі мемлекеттік комиссия «Қазпошта» АҚ-ын сату тәсілін анықтады. Ол бойынша ұлттық пошта қызметінің мемлекетке тиесілі 100% акциясы 2021 жылы стратегиялық инвесторға тікелей сатылуға тиіс еді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазпошта» АҚ басқаруында 108 млрд теңгеден асатын мемлекеттік актив болды. Бұл стратегиялық активті иеленуге 3 әлеуетті инвестор қызығушылық білдірді: біріншісі — «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, екіншісі — Eurasian Digital Ventures пен «ТрансКом» ЖШС-ның консорциумы, үшіншісі — «КУА «Алматы» ЖШС мен «Хави Қазақстан» ЖШС консорциумы болатын. Артынша олардың бәрі бас тартқаны анықталды.

Бұдан кейін «Самұрық-Қазына» қоры Қазпоштань «Почта Россииге» сатылуы мүмкін екенін растады. Бұл сарапшылардың төбе шашын тік тұрғызды. Олар ұлттық пошта операторы

жеткізуде әлеуметтік маңызды функция атқарады. Сондай-ақ мемлекеттік құпияны қорғау бойынша ерекше жарғылық міндеттерді орындайтын, арнайы пошта байланысы каналдары бойынша арнайы, құпия жөнелтілмдерді жеткізетін Қазпошта құрамындағы «Арнайы байланыстың республикалық қызметінің» ары қарайғы қызметіне қатер төнеді», — деді Есеп комитеті. Мұны ескермеу ұлттық қауіпсіздіктің деградациясына соқтырар еді.

ПӘРМЕНДІ ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ПОШТАҢДЫ САЙЛА...

ҚАУІП СЕЙІЛДІ МЕ?

Жақсы жаналық 2025 жылғы 24 қаңтарда Мемлекет басшысы «Қазпошта» АҚ-ның басқарма төрайымы Әсел Жанасованы қабылдағанда жария болды. Соңғы екі жылды Қазпошта таза табыспен аяқтады. Бюджетке рекордтық 45 миллиард теңге салық және баж алымдарын төледі. Компания Дүниежүзілік пошта одағының рейтингінде алғаш рет әлемдегі ең үздік 50 пошта операторының қатарына кіріпті. Тасымал үдерісін оңтайландыру есебінен пошталық жөнелтілімдердің көлемі 26% өсті. Жалпы алғанда, 20 миллион, соның ішінде 9 миллион халықаралық сәлемдеме диттеген жеріне жеткізілген.

Ұлттық пошта қызметі басшысының айтуынша, бүгінде реформа жүргізіліп, поштаны жеткізу мүмкіндіктері кеңейтіліп жатыр. Мәселен, бұл іске енді «үйдегі дүкен» форматындағы сауда орындары тартылған, өйткені ауыл не қала болсын, тұрғындардың ең жиі бас сұғатыны да — үйіне жақын тұрған дүкен. HomePost жобасы аясында үй жанындағы дүкендер әсіресе, шағын қалалар мен ауылдарда сәлемдемелерді, шетелден, ресейлік, қытайлық маркетплейстерден тапсырыс



асырылып жатыр. Мысалы, Toshiba-мен бірге жұмысшылардың физикалық жүктемесін азайту, өнімділігін арттыру үшін қойма операцияларын роботандыру жобасы іске қосылған.

Alibaba Group-тың еншілес компаниясы — Cainiao-мен ынтымақтастық Қазақстан арқылы ТМД-ның 9 еліне

желісін дамыту маңызды. Қазпошта Ақтөбе әуежайы аумағында мульти-модальды қойма салуды жоспарлады. Аумағы 15 мың шаршы метр болатын бұл нысан Түркияның S-Sistem компаниясымен серіктестік негізінде бой көтереді. Мұның бәрі өркендеудің өркендері болса керек.



Қалай болғанда, ұлттық пошта қызметінің маңызын төмендетуге болмайды. Ол қияндағы ауылдарда тұратын зейнеткерлерге, мүгедектерге, басқасына қолма-қол ақша жеткізетін жалғыз қаржы институты. Банктер бұл кәсіпке еш қызықпайды. Қорғанышы жоғары чемодан көтерген арнайы пошташылар 1 миллион клиентіне ақша тасиды екен.

транзитті 100 миллион жөнелтілімге дейін арттыру өрісін ашпақ.

Қазпошта Америка, Германия, Қытай және Оңтүстік Кореяның халықаралық маркетплейстеріне ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ететін Kueen сервисін дамытуды жалғастырды. 2024 жылы Kueen арқылы

ҚОРЖЫНЫ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Бұл жерде енді бәрі жақсы екен, ұлттық пошта қызметі дағдарыстан толық шығыпты деген ой туындамағаны ләзім. Салада ұзық жыл қордаланған көп мәселе түбегейлі шешімін таба қойған жоқ. Ақордада қабылдағанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев компанияны қаржылық сауықтыру, логистикалық әлеуетті арттыру және цифрлық шешімдерді дамыту сияқты мәселелер барын нұсқап, оларды шешуге бағытталған жұмысты жалғастыруды тапсырды. Қоржын арқаалаған пошташылардың жалақысы төмен болып қалды.

— Ауылда пошташылар жалақысы төмен. Ол сәлемдеме, хат, газеттердің аз келуіне де, ауыл тұрғындарының санына да байланысты. Сондай-ақ олар 0,2-0,7 ставкамен жұмыс істейді. Пошта қызметкерлерінің жалақысы 2023 жылы 25%, 2024 жылы 15% өсті, барлығына жылына 3 рет сыйлықақы беріледі. Оның бәріне қаражат керек. Егер табыс артса, ауылға сәлемдеме легі көбейсе, біз бірінші кезекте олардың жалақысын көтереміз! — деп уәде етті Қазпошта басқарма төрайымы.

2025 жылғы 30 қаңтарда ел Парламенті «Пошта туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жана заң қабылдады. Құжат пошта саласындағы жана реформаға серпін береді. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Е.Смышляеваның түсіндіруінше, пошта саласы трансформациядан өтіп жатыр.

— Бұл заң біріншіден, жеткізу тәртібін өзгертеді. Бұдан былай цифрлық технологиялардың арқасында егер тиісті пин-код немесе QR-код болса, сәлемдеме мен хат-хабар төл иесіне ғана емес, үшінші тұлғаларға табыстала алады. Бұл мысалы, тауарды маркетплейстерден үйге жеткізуді жеңілдетеді, — деді Екатерина Смышляева. Бұрынғы талап бойынша иесі үйінде болмаса, тосыннан жұмысы туындап, кетіп қалса пошташы оны ешкімге тапсыра алмай, кері алып қайтатын.

Екіншіден, сәлемдемелерді қалдыруға арналған почтаматтарды орналастыру және пайдалану тәртібі реттеледі. Бұл норма оларды кондо-

минимум нысандарында — ПИК, МИБ-те орналастыру үшін қажет. Үшіншіден, Қазпошта сұранысы құлдыраған кейбір әмбебап қызметтерден арылады. Арасында мысалы, пошта қарталарын немесе бандерольдерді жіберу бар. Төртіншіден, депутаттар талап етілмеген, иесі алып кетпеген хат-корреспонденцияны сақтау мерзімін қысқартты.

Екатерина Смышляева, әсіресе ауылдарда Қазпоштаның филиалдық желілерін сақтап қалу мәселесі өткір тұрғанын айтты.

— Бұл коммерциялық емес, экономикалық емес, әлеуметтік мәселе, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Өйткені қазіргі уақытта Қазпошта — ауылымыздағы пошталық қана емес, сондай-ақ қаржылық қызметтердің, мемлекеттік қызметтердің басты әрі жалғыз провайдері! Қазпошта бөлімшелерінде 200 шағын ХҚКО ашылды. Ауылда 7 миллиондай адам тұрып жатыр. Пошташыларымыз бармайтын ауылдар мүлдем қараң қалып, қаңырап босайды. Сол себепті Қазпошта желісін сақтау — мемлекет үшін өмірлік маңызды мәселе, — деді Мәжіліс депутаты.

Цифрлық даму вице-министрі Асхат Оразбек Қазпоштаның жана бөлімшелерін ашу күрделі дейді: «Біз бөлімшелер санын арттыру мәселесін Қазпошта өкілдерімен бірге талқыладық. Шығындарын есептедік, кей жерде тіпті көзімізге жас алдық. Өйткені жана бөлімше ашу өте шығынды іс болып шықты. Сондай-ақ бөлімше ашу үшін елді мекен тұрғындарының саны 2 мыңнан аз болмауға тиіс. Тіпті бұрыннан бар бөлімшелерге жабылу қауіпі төнген. Оларды субсидиялау мәселесін пысықтаған жөн болар, — деді вице-министр.

«Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованың айтуынша, қазіргі кезде 3 мың бөлімше бар.

— Бұл желіні ұстап тұру өте қымбатқа түседі. Кейбір бөлімше қаңырап бос тұр. Біз оларды қосымша қызметпен жүктеуге тырысамыз, ғимаратты шағын және орта бизнеске жалға береміз. Олар арқылы сақталдыру қызметтері, несиелендіру жүргізіледі. 2 жыл ішінде 244 бөлімшені жөндеуге 2 миллиард теңге шығындық. Ауылдағы бөлімшелерді әкімдіктер нысандарына көшірдік. Кейбір ауылда шағын дүкендердің жанынан пошта бөлімшесін аштық, — деді Әсел Жанасова.

Қалай болғанда, ұлттық пошта қызметінің маңызын төмендетуге болмайды. Ол қияндағы ауылдарда тұратын зейнеткерлерге, мүгедектерге, басқасына қолма-қол ақша жеткізетін жалғыз қаржы институты. Банктер бұл кәсіпке еш қызықпайды. Қорғанышы жоғары чемодан көтерген арнайы пошташылар 1 миллион клиентіне ақша тасиды екен. Қазпоштаның ауылда 300 банкоматы бар. Оларды, кассаларды, бөлімшелерді ұстап тұру үшін компания жыл сайын 10 миллиард теңге шығын шығаратын болып шықты.

Бұған қоса, Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазпошта пошталық оператордың кең таралған желісін диспансерлік есепке қойылған, не жағдайы ауыр сырқаттарға, мүгедектерге тегін дәрі-дәрмек жеткізуге пайдалануды қарастырып жатыр. Қазпошта бөлімшелерін жұртқа мемлекеттік қызметтер көрсететін ХҚКО-ларға айналдыру үрдісі жалғасады. Қазпоштаға келендік брокер функцияларын беру мәселесі пысықталады. Яғни, қазіргі заманда «Қазпошта» АҚ — өзі пошта, өзі банк, өзі ХҚКО, өзі маркетплейстер пункті, өзі брокер, өзі дәріхана болады және бұл тізім тек ұзара бермек.

Айхан ШӘРІП



өнірлер арасында мемлекеттік құпия хат-хабарламаларды тасумен айналысатынын қаперге салды. Осы жүйені қалай жат қолына ұстауға болады? Өз кезегінде Есеп комитеті (қазіргі Жоғары аудиторлық палата) пошта қызметінің жеке қолға тапсырылуы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретінін ескертті. Оның пайымдауынша, мұның көптеген тәуекелі бар.

«Бұл Қазпоштаның ауылдағы рентабельді емес бөлімшелерінің жаппай жабылуы қауіпін туындатады. Ол бөлімшелер табыс әкелмегенімен, зейнетақы, жәрдемақы төлеуде, мерзімді басылым мен пошта жөнелтілімдерін

беріп алғызған тауарларын табыстайтын бекетке айналады.

Быттыр үйдегі дүкендерде 180 тапсырыс беру пункт ашылды. 2025 жылы 1 мыңға жетпек. Бұл пункттер клиенттерге өз сәлемдемесін облыс орталығындағы ірі пошта бөлімшелеріне бармастан, өз елді мекенінде тез, ыңғайлы уақытта алуына мүмкіндік береді.

«Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы қызмет сапасын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту мақсатында енгізілетін инновация жайында айтты. Осы орайда Japan Post, Toshiba, Cainiao компанияларымен бірлесіп, көлік және логистика салаларында бірлескен жобалар жүзеге

13 111-ден астам сәлемдеме жеткізілді, оның 40%-ы Еуропа мен Америкадан жөнелтілімдер. Сервис географиясын Жапония, Ұлыбритания мен Түркияны қосу есебінен кеңейту жоспарланды. Бұл транзиттік жөнелтілмдер көлемін ұлғайту, қазақстандықтарға эксклюзивті түпнұсқа тауарларға тапсырыс беру мүмкіндіктерін ұсынады.

ҰТО Express компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде пошталық инфрақұрылымды жаңғыртуға 50 миллион доллар инвестиция тартылды. Маркетплейстер сауда-саттығы сияқты жылдам өсудің нарықтық қажеттіліктерін өтеу үшін заманауи қойма кешендерінің

АЙМАҚ

11 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ... ЖАҒДАЙ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ДА ЖЕТІСІП ТҰРҒАН ЖОҚ

Жақында Мәжілістің жалпы отырысында депутат, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Үкіметке сауал жолдап, ел ішінде күрделі мәселеге айналған жұмыссыздық жайын көтерді. Депутат «...соңғы 15 жыл ішінде жұмыссыздықтың нақты деңгейі әдейі төмендетіліп, 4-5 пайыз деңгейінде сақталып отыр деген түсінік қалыптасты» деген еді.

А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ, Жетісу облысы

Яғни, жұмыссыздық деңгейін анықтау кезіндегі ресми статистика мен жұмыспен қамтылған адамдардың міндетті төлемдері арасындағы алшақтық ұлғайып отыр. Депутаттың пікірінше, бүгінде 1 миллионнан астам адам зейнетақы қорына жарна төлемейді екен, ал міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне міндетті жарна аудармайтынның саны 3,5 миллион адамнан асқан. Демек, еліміздегі жұмыссыздар саны ресми деректегіден әлдеқайда көп болуы мүмкін. Бұл, әсіресе аймақтардағы жұмыспен қамту бағдарламаларының орындалуына қатысты күмән мен күдікті ұлғайтатыны рас. Әдетте,



әкімдердің жоғары берген есептеріндегі деректер жергілікті жердегі нақты жағдайдан әлдеқайда алшақ жататыны жасырын емес. Өкініштісі, жұмыспен қамту мәселесі толыққанды шешімін таппаған өңірлер көп. Бұл жағдай Жетісу облысында да жетісіп тұрған жоқ.

Быттырғы қараша айындағы есеп бойынша Жетісу облысында 695,6 мың адам ресми тіркелген екен. Оның ішінде қалалықтардың саны 311,6 мың адам болса, ауылда тұратындардың үлесі 384 мың адамды құрайды. Яғни, облыс халқының 44,8 пайызы қалада тұрса, 55,2 пайызы ауылдық елді мекендерде өмір сүреді деген сөз. Облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, Жетісуда быттырғы экономикалық белсенді халық саны 311,5 мың адамды құраған. Ал жұмыспен қамтылған адамдардың саны 296 мыңнан асқан екен. Ресми статистика бойынша өңірдегі жұмыссыздық деңгейі – 4,8 пайыз шамасында.

Жұмыссыз халық санын, жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында 2024 жылға дейін Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» іске

асырылуда. Осыған орай тұжырымдама аясында жұмыспен қамту шаралары үш бағытта жргізіледі. Атап айтқанда, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру мақсатында сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін қысқамерзімді кәсіптік даярлау курстарын ұйымдастыру, әлеуметтік осал топтардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету және жұмыссыз азаматтарды субсидияланатын жұмыс орындарына жолдау жолға қойылған. Тұжырымдама аясында жұмыспен қамтудың белсенді шараларын жүзеге асыруға өткен жылы 9 млрд теңге бөлінді. 2024 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен 27 794 адам қамтылып, 23 286 адам, оның ішінде 13 261 адам тұрақты жұмыс орындарына орналасты. Қысқамерзімді кәсіптік оқуға 18 мамандық бойынша 804 адам жолданса, 720 адам оқуды аяқтап, мамандықтары бойынша 643 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Электрондық еңбек биржасы порталында 2 188 адам онлайн түрде оқытылды, – дейді Жетісу облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Жалпы, осы жерде бір нәрсенің басын ашып алу керек сияқты. Аймақтағы атқарушы билік жұмыссыздықпен күресті екі бағытта ғана қамтуға тырысып жатқаны байқалады. Оның негізгісі – кәсіпкерлікке баулу арқылы өз ісін бастауға жәрдемдесу болып отыр. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне үйлесек, «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізінде бөлінген

жобалар» аясында 2 452 және жеке бастамалар бойынша 8 487 жаңа жұмыс орыны құрылды. Қазіргі уақытта биылғы жоспар нақтылануда. «Тұжырымдамалар мен ұлттық жобалар» аясында биыл екі жүзге жуық жоба іске асырылып, 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру күтілуде. Сонымен қатар жұмыс орындарын құру және инвестициялар бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында облыста 2024–2030 жылдары жалпы құны 3,5 трлн теңге болатын 190 жобалық пул қалыптастырылған. Бұл жобаларда 11,8 мыңнан астам жұмыс орны құрылады деп жоспарланған, – дейді баспасөзге берген сұхбатында Ермек Мизамбаев.

Болжамдағы жоспар жақсы. Дегенмен бұған дейін жүзеге асқан жобалар бойынша мемлекет бөлген қаражат тек оқыту мен бизнес бастаудың жолдарын қарастыруға жұмсалғандықтан, нақты қанша адамның тұрақты немесе уақытша жұмыспен қамтылғанын және олардың қандай көлемде айлық табысқа қол жеткізгенін анықтау мүмкін болмай отыр. Ресми мәліметке жүгінсек, быттырғы үшінші тоқсанда аймақтағы бюджеттік қызметкерлердің орташа айлық табысы 280 464 теңге шамасында болған екен. Бірақ бұған шағын және орта бизнестен напақа тауып жүрген немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың табысы кірмеген. Есесіне, жұмыспен қамтылғандардың санына осы аталған екі санат та қосылып отырады. Қызығы, бұл топтағылардың айлық табысы мен міндетті әлеуметтік төлемдерді төлегені туралы нақты есеп жоқ. Осыдан барып статистика мен нақты нәтиже арасындағы алшақтық пайда болуы мүмкін. Ал бұл кезеңде облыс халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы бағалау критеріі бойынша 141 318 теңгені көрсеткен. Есесіне, дәл осы 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы дерек бойынша Жетісу облысындағы жұмыссыздар саны 15 070 адамды құраған.

Жоғарыда Жетісу облысындағы халық санының 695,6 мың адамды құрайтынын айттық. Ал осы тізімдегі 15 070 адамның ресми түрде жұмыссыз болып танылуы өңірдегі әлеуметтік ахуалдың мез еместігінен хабар беретіндей. Оның үстіне, быттырғы аймақта зейнет жасуна жеткендер мен атаулы әлеуметтік көмек алушылардың да саны едәуір артқан. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыстық филиалының мәліметінше, 2024 жылдың

Быттырғы қараша айындағы есеп бойынша Жетісу облысында 695,6 мың адам ресми тіркелген екен. Оның ішінде қалалықтардың саны 311,6 мың адам болса, ауылда тұратындардың үлесі 384 мың адамды құрайды. Яғни, облыс халқының 44,8 пайызы қалада тұрса, 55,2 пайызы ауылдық елді мекендерде өмір сүреді деген сөз.

қомақты қаржы осы бағытта жұмсалғаны байқалады. Тұжырымдама талабы бойынша кәсіпкерлік бастамаларға жәрдем көрсету кезінде әлеуметтік осал топтар қатарынан жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды қолдауға басымдығы бар. Яғни, осы санаттағы адамдарға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз гранттар берілуі тиіс. Быттырғы бұл бағытта 203 адамға 299,8 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант бөлінген. Ал биыл тұжырымдама аясында 20 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту шараларына жолдау жоспарланып отыр екен.

Жұмыс орындарын ашу – күн тәртібінде тұрған басты мәселенің бірі. Жыл сайын тұжырымдамалар мен ұлттық жобалар аясында іске асырылатын жобалар бойынша әр саладан және аудан, қала әкімдіктерінен ақпарат жиналады, осыған сәйкес «Өңірлік жұмыс орындарын құру картасы» әзірленеді. Быттырғы «Тұжырымдамалар мен ұлттық

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК

Алматыда Мұхаметжан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихы» және Томас пен Люси оның жұбайы Люси Аткинсондардың «Семь лет в Казахии» кітаптары жарық көрді. Осыған орай AmalBooks баспасының негізін қалаушы Бақытжан Бұқарбай БАҚ өкілдерімен кездесіп, оқырман назарына жол тартқан екі бірдей туынды туралы тың деректерді бөлісті.



А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Қазақ тарихына негізделген кітаптар 2021 жылы негізі қаланған «Таза тарих» сериясы аясында ұсынылып отыр. Ең бір ерекшелігі де сол, осыдан тура 100 жыл бұрынғы Мұхаметжан Тынышбайұлының қазақ халқының шығу тегі мен мемлекеттілігінің қалыптасуына арналған еңбегі ана тілімізге тұңғыш рет аударылып, оқырманмен қайта қауышты. Кездесу барысында Бақытжан Бұқарбай екі әдеби жобаның төл тарихымызда алар манызы мен жарыққа шығу тарихы турасында баяндап берді.

«Қазақ халқының тарихы» және «Семь лет в Казахии» – «Таза тарих» сериясы негізінде шыққан он үшінші және он төртінші кітаптар. Оның бірі – XX ғасырдың 50-жылдарында қазақ даласында жеті жылдай өмір сүрген ағылшын саяхатшыларының туындысы. Ерлі-зайыпты Аткинсондар Қазақстанның Шығыс өңірінде болған.

– «Қазақ халқының тарихы» және «Семь лет в Казахии» – «Таза тарих» сериясы негізінде шыққан он үшінші және он төртінші кітаптар. Оның бірі – XX ғасырдың 50-жылдарында қазақ даласында жеті жылдай өмір сүрген ағылшын саяхатшыларының туындысы. Ерлі-зайыпты Аткинсондар Қазақстанның Шығыс өңірінде болған. Лепсіге келіп, Алатау бөктеріне дейін түскен. Олар Қазақстанға сапары кезінде көрген-білген деректерін естелік ретінде жазып қалдырды. Әрине, Қазақстанмен ғана шектелмеген, сонымен қатар олар Сібірді аралаған. Біз авторлардың еңбегінен қазақ халқына қатысты тарауларды іріктеп алып, нәтижесінде жинақ ретінде басып шығардық. Бұл кітаптың ерекшелігі – ағылшын саяхатшылары сол замандағы қазақ даласында мекендеген ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін өз көзқарасымен баяндайды. Сондай-ақ кітапта қазақ халқының тарихы, этнографиясы, географиясы, мәдениеті жайлы құнды көзқарастар жинақталған. Екінші кітап – қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, тарихшы-ғалым, тұңғыш теміржол инженері Мұхаметжан Тынышбайұлының 1925 жылы орыс тілінде жарияланған зерттеу кітабы. Біз быттырғы арада жүз жыл өтсе де бұл кітаптың әлі күнге дейін қазақ тіліне аударылмағанын білдік. Расында, бұл біз үшін жаналық болды, – деді Бақытжан Бұқарбай.

Бүтін бір елдің тарихына үнілу, шығармашылық салада ұлттың өткені мен бүгінгі арқауы – үлкен жауапкершілік пен терең ізденісті талап

ететін күрделі процесс. Кітап баспасы бір ғасыр бұрын жарияланған еңбекті қазақ тіліне тәржімалау алдында тарихшылардың ой-пікірін басты назарға алған.

– Біз кітапты басып шығару алдында тарихшы мамандардың көмегіне жүгіндік. Қазақстан тәуелсіздік алған уақытта Тынышбаев тақырыбын алғаш зерттей бастаған, тіпті әлі күнге дейін зерттеу жұмыстарын жалғастырып келе жатқан Гүлбану Жүгенбаева есімді ғалым бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстанда Тынышбаевқа қатысты тұңғыш диссертация жазған маман. Біз оның еңбегін қазақ тіліне аударып, толыққанды әзірлегеннен кейін Гүлбану ханым сүзгіден өткізіп шықты. Біз тарихшының мақұлдауынан кейін

ғана кітапты баспаға бердік, – деді баспагер.

Сондай-ақ баспагерден архивтегі тарихи деректермен жұмыс істеу процесі турасында сұрап көрдік. Бақытжан Бұқарбай үлкен деректер қорымен жұмыс істеу үшін архивтерді аралау қомақты қаражатты талап ететінін, дегенмен соған қарамастан заманауи технологиялардың шексіз мүмкіндігін пайдаланатынын, соның ішінде цифрландырылған деректерге сүйенетінін атап өтті.

– Архив мәселесіне келгенде біздің ресурстарымыз шексіз емес екендігін атап өткім келеді. Егер архивтерді ақтарып болсақ, бұл ретте іссапар шығыны сияқты біршама қаржылай мәселелер бар. Өкінішке қарай, мұндай шығындарды көтеруге мүмкіндік жоқ. Өйткені қазірдің өзінде біз айналысып жүрген баспа кәсібі – маржасы төмен салалардың қатарына кіреді. Алайда біз архивтермен жұмыс істейтін ғалымдармен тығыз байланыста болуға тырысамыз. Әлемдегі ең үлкен кітапханалардың бірі АҚШ-тағы Конгресс кітапханасы өзіннің тарихи цифрландырылу және оқырманға ақпаратты пайдалануға рұқсат берілді. Мұнда біршама архив деректерді табуға болады. Біз архивтегі материалдармен қолымыз жеткенше, «тісіміз батқанша» жұмыс істейміз, – деді Б. Бұқарбай.

Бақытжан Бұқарбай «Семь лет в Казахии» кітабын алдағы уақытта қазақ тіліне аудару мәселесі жоспарда бар екенін жеткізді. Тарихымызды айшықтайтын құндылығы жоғары әрі бұрын-соңды жарияланбаған деректерді қамтитын қос шығарма 1 500 данамен сатылымға қойылған.

11 АҚПАН 2025 | СЕЙСЕНБІ



АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Қытайда қысқы Азия ойындарының алауы тұтанды. Сары аймақтың ақ аламында құрамамыз тарихи медальға қол жеткізді. Ақтық сында шорт-тректен аралас командалық жарыста еліміз мәре сызығын бірінші болып кесті. Азулы қарсыластарымыз жапондықтар екінші келсе, қытайлықтар үшті қанағат тұтты.

Әсет ҚАЛИ

Қытайдың Харбин қаласында 2025 жылғы ІХ қысқы Азия ойындарының ашылу салтанаты ерекше өтті.

Азия ойындарына Азияның 34 елінен 1 000-нан астам спортшы қатысады. Аталмыш жарыста Қазақстан атынан 137 атлет өнер көрсетпек. Салтанатты шеруде құраманың туын ұстап хоккейші Әділ Бекетаев пен шорт-трекші Ольга Тихонова шықты.

Көркемдік бөлім Харбиннен басталып, Қытайдың басқа аймақтарына, одан әрі бүкіл Азияға бағытталған поэтикалық саяхат түрінде ұсынылды. Шоу бағдарламасы үш негізгі бөлімнен тұрды. Онда қыс мезгілінің құдіретіне арналған арнау, қысқы спорт түрлерінің рухын көрсету, сондай-ақ құрлықты байланыстыратын берік қарым-қатынасқа күрмет көрсетілді. Сонымен қатар бұл қойылым баулаумен өсуі, оның армандары, максаттары мен өзін-өзі танытуы туралы лирикалық оқиғаны бейнеледі.

Әрбір бөлім арнайы қойылыммен басталды. Көрермендерді таңғалдыру үшін интерактивті бейнелер, жасанды интеллект және толықтырылған виртуалды шынайылық пайдаланылған екен. Қойылымдарға 1 000-нан астам адам қатысқан көрінді.

Көптеген көрініс пен элементтер Қытайдағы қысқы спорт түрлерінің өмірін көрсетіп, қытай халқының рухы мен жігерін айшықтады. Ашылу салтанатына дейін хоккей, шорт-тректен біздің қыз-жігіттеріміз жарыс жолын бастап кеткен еді. Хоккейден Қазақстан ерлер құрама командасы алғашқы матчында Таиланд командасын талқандап тастады. 12 шайбаны жаңбырша жаудырып жеңіс тұғырынан көрінді. Жалпы, топтық кезеңде Қытайды, Тайбэйді, Жапонияны және Оңтүстік Кореяны қарсылас құрлы көрмедік. Барлығын айқын басымдықпен жеңіп, топтан бірінші орынмен шығып, плей-офф кезеңіне аяқ бастық.

«Көңіл күй жақсы. Жігіттермен сөйлесуге, хоккей ойнауға және басқа елдердің командаларын бақылауға мүмкіндік бар. Бүгін ірі есеппен жеңіске жеттік. Қарсыластар аса жоғары деңгейде болмағаны түсінікті. Сондықтан өз ойынымызды көрсетіп, сәттерді қалт жібермедік. Негізгі қарсыластар туралы айтсақ, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай құрамалары мықты командалар. Бірақ біздің жалғыз максатымыз – бірінші орын алу. Азиядағы жағдай жақсы, барлық жағдай жасалған. Маусым жүріп жатқандықтан, дайындыққа көп уақыт болған жоқ. Бірақ бапкерлер тактикалық нұсқаулар беріп, дайындықты пысықтауда», – деді Қазақстан хоккей құрамасының ең тәжірибелі ойыншыларының бірі Роман Старченко.

Дәл осындай қарқынмен шорт-трекшілеріміз қоржынмызға алғашқы алтынды салды. Шорт-тректен 2000 метрге аралас эстафетада шешуші сайыста күміс иеленді. Команда сапында Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Яна Хан, Ермек Малика өнер көрсетті. Бұл сайыста Оңтүстік Корея құрамасы жеңімпаз атанса, Жапония үздік үштікті түйіндеді. Шорт-тректен Азия ойындарында қазақстандық спортшылар алғаш рет күміс медальға ие болуда. Бұған дейін шорт-трекшілеріміз 3 мәрте қола медальмен шектелген.

Ал жекелей сайыстарда қазақстандық спортшыларға медаль бұйырмалы. Ерлер мен әйелдер арасындағы 1 500 және 500 метрлік қашықтықта бірде-бір қазақстандық спортшы финалға шыға алмады.



Араға аз уақыт салып конькимен жүгіруші Евгений Кошкин тағы бір күміс медаль жеңіп алды. Спортшымыз 100 метр қашықтықта екінші нәтиже көрсетті. Ол тек қытайлық Гао Тяньююға жол берді. Екі спортшы да Азия чемпионаты мен Азияда рекордпен орнатты. Үшінші болып Оңтүстік корейлік Джун Хо Ким келді. Осылайша, Қазақстан қоржынына екінші күміс келіп түсті. Конькимен жүгіруде 100 метр қашықтық осымен екінші рет Азияда бағдарламасына қосылды. Алғаш 2007 жылы Азиядағы кірген. Евгений Кошкиннің жүлдесі еліміз үшін орны ерекше болмақ.

«Мен өте қуаныштымын. Сәтті өнер көрсеттім. Барлығы ойдағыдай өтті. Әрине, қытайлық қуантты. Маусым бойы мен оны 100 метрде ұттым, 500 метрде де жиі жететінмін. Бірақ қазір ол жинақталып, өз елінде, өзінің жанкүйерлері алдында жеңіске жетті. Бұл да оның мүмкіндігі еді.

Медальді мен өзімнің алғашқы бапкеріме, Улитин Николай Георгиевичке арнаймын. Өкінішке қарай, ол былтыр қайтыс болды. Ол мені осы спортқа алып келді және менің осында болуым үшін барлық жағдайды жасады», – деді Евгений Кошкин.

Шаңғымен жарысының спринт бәсекесінде Константин Борцов 2:58.28 секундта мәреге үшінші болып келіп, қола медаль олжалаған. Бірақ түстен кейін Борцов күміс жүлдеге ие болды. Екінші болып келген жапониялық шаңғышы Харуки Иамашита жүлдесінен айырылып, жарыстан шеттетілді. Оның



тұйым салынған дәрі-дәрмек қолданғаны мәлім болды. Шаңғымен жарысында спринт бағдарламасына шыққан өзге қазақстандық қыз-жігіттер медальдан тыс қалды.

Жарыстың келесі күні фристайл-акробатикадан Қазақстан құрамасының спортшысы Аяна Жолдас үшінші орын иеленді. Финалда спортшы секіруден төрешілердің шешімі бойынша 76,54 ұпай жинады. Дәл солай қазақстандық қола медаль иеленді. Жеңісті қытайлық Цю Мэнтао (90,94 ұпай) алды. Екінші орынды тағы бір қытайлық спортшы Чэнь Сюэнь (81,58 ұпай) иеленді. Ал Ардана Маханова шешуші кезеңге өте алмады.

Шорт-тректен Қазақстан әйелдер құрамасы күміс медальді жеңіп, мерейімізді үстем қылды. Қазақстандықтар 3 000 метрлік қашықтықтағы эстафетада екінші орынға табан тіреді. Финалда ел намысын Ольга Тихонова, Малика Ермек, Алина Әғалиева және Яна Хан қорғады. Алтын медальды Қытай жеңіп алса, Жапония үшінші орынға тұрақтады.

Осы спорт түрінен ерлер құрамасы Азия ойындарында топ жарды. Шорт-трекшілеріміз қарсылыстарын шорт сындырып, тарихи алтын медальді қоржынға салды. Қазақстан атынан эстафеталық жарыста Денис Никиша, Абзал Әғалиев, Әділ Ғалиахметов, Глеб Ивченко, Мерсаид Жаксыбаев, Айбек Насен ерледі. Бұл Қазақстан үшін осы Азия ойындарындағы алғашқы алтын медаль болды. Қазақстан финалда жапон мен қытайдың спортшыларын шап қаптырып, басып озды. Ал фаворит оңтүстік корейліктер ереже бұзғаны үшін жарыстан шеттетілді.

Айта кетейік, Қазақстан шорт-тректен тарихта алғаш рет Азия ойындарында алтын медаль жеңіп алды. Харбинде шорт-трекшілер үш медальға ие болды, олардың барлығын эстафеталық жарыстарда еншіледі.

Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин тарихи алтын медаль жеңіп алған шорт-трек құрамасын құттықтады.

«Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті атынан және өз атымын Глеб Ивченко, Денис Никиша, Мерсаид Жаксыбаев, Айбек Насен, Абзал Әғалиев және Әділ Ғалиахметовті Харбиндегі қысқы Азия ойындарында Қазақстан құрамасының алғашқы алтын медальін жеңіп алуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – қазақстандық шорт-трек үшін әлемдік деңгейдегі кешенді жарыстардағы алғашқы жоғары дәрежелі жүлде және мыңдаған жанкүйер осы тарихи сәттің куәсі болды. Бүгін сіздер жеңіске деген жігерлеріңіздің арқасында лайықты түрде тұғырдың ең биік сатысына көтерілдіңіздер. Және көп жылдан кейін Қазақстанның Әнұраны Азия құрлығының қысқы додасында қайта шырқалады. Сіздерді осы жеңіске жетелеген бапкерлеріңізге ерекше алғыс айтамын. Бұл жарқын жеңіс – бүкіл ел үшін зор қуаныш!» – деді Геннадий Головкин.

Конькимен жүгіруден Қазақстан әйелдер құрамасы қола медальді еншіледі. Елге қола медальді Надежда Морозова, Кристина Силаева және Дарья Важеннина сыйлады. Алтын жүлдені Оңтүстік Корея құрамасы жеңіп алды, ал Қытай күміс медаль иеленді.

Одан бөлек, фристайл-акробатикадан аралас командалар арасындағы сайыста екінші орынға ие болды. Бұл бағдарламада ел намысын Аяна Жолдас, Шерзод Хаширбаев және Асан Асылхан қорғады. Қорытынды есеппе қазақстандық спортшылар 235,39 ұпай жинап, осы көрсеткіш оларға күміс медаль алып келді. Айта кетейік, бұған дейін Аяна Жолдас жеке жарыста үшінші орын алған болатын.

Шаңғы жарысынан Олжас Климин 10 шақырымдық еркін стильдегі жарыста ел намысын сәтті қорғап, қола медальді жеңіп алды. Климиннің мәреге жеткен уақыты – 21:20.3. Жеңісті жапониялық Харуки Ямашита (21:06.5) иеленсе, оның командасы Такацуга Уда (21:16.5) екінші орынға тұрақтады. Айта кетейік, бұған дейін Константин Борцов спринте күміс жүлдегер атанған болатын.

Дәл қазір Азия ойындарының медальдық кестесінде Қытай 21 алтынмен көш бастап тұр. Одан кейін Оңтүстік Корея 11 алтынмен ілесіп келеді. Жапонның спортшылары 4 алтынмен үздік үштікті ұстап тұр. Біздің құрама әзірге 1 алтын, 5 күміс, 3 қоламен төртінші орынға тұрақтадық. Алдағы жарыс күндерінде Қазақстан құрамасы алтыннан олжалы болса екен дейміз!

ДАСТАН «ЧЕЛСИ» САПЫНА РЕСМИ АУЫСТЫ

«Қайрат» футбол академиясының түлегі, Қазақстан жастар құрамасының шабуылшысы Дастан Сәтпаев лондондық «Челси» сапына ресми түрде ауысты. Бұл туралы «Қайрат» клубының иесі Қайрат Боранбаев әлеуметтік желіде мәлімдеді.



Еске салайық, Дастанның «Челсиге» ауысатыны туралы сыбыс қаңтар айында шыққан болатын. Артынша бұл ақпаратты белгілі инсайдер Фбарицио Романо да растаған. Дегенмен «Челси» өкілдері әлі ресми жарияламаса да, Боранбаев трансфердің болғанын мәлімдеді.

«Дастан Сәтпаев лондондық «Челси» командасының ойыншысы атанды. Қазақстандық футболшының Еуропа чемпионаттарының топ-5 клубтарының біріне ауысуы – алғаш рет және қазақстандық футбол тарихындағы ең маңызды трансфер», – деп жазды Боранбаев өзінің Instagram парақшасында.

Ол Дастанның трансфері тек жеке футболшының емес, «Қайрат» академиясының жетістігі екенін айта келе, аталған трансфер Қазақстан жастарының арасында футболға деген қызығушылықты күрт артатынына сенім білдірді.

Дастан Сәтпаев – «Челсидің» ойыншысы, бірақ тағы бір жыл «Қайратта» ойнайды. 16 жастағы қазақстандық шабуылшы 2026 жылдың жазында лондондық клубқа ресми түрде қосылады. Алматылық «Қайрат» пен «Челси» 16 жастағы ойыншының трансфері бойынша келісімге келді. Кәметет жасына толған соң, Сәтпаев Англияға көшіп, «Челси» сапында ойнайды, ал әзірге ол «Қайрат» құрамында өнер көрсетуді жалғастырады.

БОКСШЫЛАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Сербия астанасында бокстан халықаралық Belgrade winner турнирі мәресіне жетті. Қазақстанның ерлер құрамасы бұл жарыстан 8 алтын, 4 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды. Нұрбек Мұрсал турнирдің ең үздік боксшысы деген атақты қоса алды.



Биыл 62-рет өтіп отырған халықаралық турнир 4-9 ақпан аралығында өтті. Қазақстан құрамасынан аталған жарысқа барлығы 15 боксшы қатысып, олардың тек екеуі ғана жартылай финалға жетпей жеңілді.

Алтын медальді Нұрғиса Тұрабеков (48 келі), Рамазан Нұрлыбаев (51 келі), Нұрсұлтан Алтынбек (57 келі), Жансері Көшербаев (60 келі), Нұрбек Мұрсал (71 келі), Санжарәлі Бегалиев (75 келі), Дәурен Мамыр (86 келі), Нұрасыл Асылхан (+92 келі) тақты. Екінші орынға Бексұлтан Боранбек (54 келі), Илья Калинин (67 келі), Бакберген Әлиасқаров (75 келі), Ильяр Аширов (80 келі) жайғасты. Қола жүлде Бекзат Макжанға (63.5 келі) бұйырды.

71 келіде өнер көрсеткен Нұрбек Мұрсал турнирдің ең үздік боксшысы деген атақты жеңіп алды.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Сәтжан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
(8771) 675-42-14, (8772) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
(8771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4556

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: (8772) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: (87252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,